



KORKYT ATA  
UNIVERSITY

**«ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

---

---

**«БЕКІТЕМІН»**

Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
Басқарма төрағасы - Ректор

Б.С.Каримова

2022 ж.



**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма  
төрағасы – Ректорының гранты аясында ғалымдардың ғылыми  
зерттеулері конкурсын өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

**Қызылорда, 2022**

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма  
Төрағасы-Ректорының гранты аясында жас ғалымдардың  
ғылыми зерттеулері конкурсын өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ**

1.1. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы – ректорының (әрі қарай – Конкурс) гранты аясындағы жас ғалымдардың ғылыми зерттеулері конкурсының мақсаты университетте ғылымды дамытуға жағдай жасау, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (әрі қарай – ФФТҚН) коммерцияландыру, сондай-ақ жас ғалымдарды ынталандыру.

1.2. Осы Ереже арқылы жас ғалымдардың перспективалық жобаларын және ғылыми зерттеулерін жалғастыру үшін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-ректорының грантын (әрі қарай - грант) ұйымдастыру және грант беру тәртібі реттеледі.

1.3. Конкурсқа университеттің штаттық қызметкерлері мен 1, 2 курс докторанттары қатысуға құқылы. Жас ғалымдардың ғылыми зерттеулері конкурсына өтінім беру уақытындағы жас шамасы 40 (қырық) жас (толғандарды қоса алғанда).

1.4. Гранттың жалпы сомасы - 10 млн. теңге құрайды. Бір жеңімпазға бөлінген грант сомасы мақұлданған өтінімдер санына байланысты болады.

**2. ГРАНТТЫҢ МАҚСАТЫ**

2.1. Грант ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға немесе коммерцияландыру жобасын іске қосуға, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған құрылғыларды (компоненттерді), құралдарды, жабдықтарды сатып алуға; реагенттерді, зертханалық зерттеулерді сатып алу; өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге, селекциялық жетістіктерге патент алу және авторлық куәлік алу, IT-жобасын құру, ҚР Ғылым және жоғарғы Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған, сондай-ақ Web of Science мәліметтер базасына енгізілген (Q1-Q4 Science Citation) Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index) және Scopus журналдарда мақала жариялау (CiteScore бойынша кемінде 25 процентиль), монографияның жариялануы және т.б. беріледі.

2.3. Грант ғылыми-зерттеу кезінде жұмсалған шығындардың орнын толтыру мақсатында бөлінеді.

**3. НОРМАТИВТІК БАЗАСЫ**

Ереже келесі құжаттарға сәйкес әзірленді:

- «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV Заңы;

- «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы №6-І Заңы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №727 қаулысымен бекітілген «Цифрландыру, ғылым және инновация есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 25 мамырдағы №336 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

- «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ-ның 2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары.

#### **4. КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ**

4.1. Конкурсты ұйымдастырушы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Ғылым департаментінің Коммерцияландыру бөлімі (бұдан әрі – ұйымдастырушы) болып табылады.

4.2. Ұйымдастырушы:

- конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдайды; конкурсқа қатысушыларға конкурстық құжаттаманы дайындау және толтыру мәселелері бойынша кеңес береді; конкурсқа қатысушылардан келіп түскен өтінімдерді жинайды және тіркейді, конкурс өткізуді қамтамасыз етеді;

- «Антиплагиат» жүйесі арқылы өтінімдерді тексеруді жүзеге асырады;

- конкурстық комиссияның қорытынды хаттамасы негізінде грантты тағайындау туралы бұйрық дайындайды.

4.6. Конкурстық комиссия:

- ұйымдастырушы ұсынған өтінімдерді қарайды;

- конкурс жеңімпаздарын анықтайды.

4.7. Ұйымдастырушы конкурстық комиссиясының қатысуымен қатысушылардың жобаларының тікелей тыңдалымын (таныстырылымын) өткізеді.

4.8. Конкурстық комиссия: қатысушылардың өтінімдерін қарайды; осы Ереженің 2-қосымшасында көрсетілген өлшемшарттар бойынша конкурс жеңімпаздарын айқындайды.

4.9. Жеңімпаз болып ең жоғары ұпай жинаған қатысушы саналады.

4.10. Конкурс нәтижелері бойынша ынталандыру түрлері:

- конкурс жеңімпаздарына грант сомасы көрсетіліп жазылған сертификат және диплом беріледі;

- өзге қатысушыларға арнай диплом табысталады;

- магистранттар мен докторанттардың ғылыми жетекшілеріне Басқарма Төрағасы-университет ректорының атынан алғыс хаттар тапсырылады.

4.11. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданып, хаттама толтырылады.

4.12 Грант сомасы сертификат тапсырылған күннен бастап 15 күн ішінде грант иеленушінің есеп шотына аударылады.

## **5. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ**

5.1. Конкурса қатысушылар Ұйымдастырушыға келесі құжаттарды ұсынады:

- осы Ереженің 1 қосымшасына сәйкес электрондық немесе қағаз нұсқада конкурса қатысу туралы өтінім беріледі;

- осы Ереженің 2-қосымшасында көрсетілгендей жобаны ресімдеу туралы талаптарға сәйкес ресімделген электронды нұсқада жобаның таныстырылымы (pdf. форматында);

- докторанттар үшін ғылыми кеңесшісінің ұсыныс хаты (орыс немесе қазақ тілдерінде).

5.2. Қатысушылар конкурс құжаттарын «Ректор грантын тағайындауға конкурса» деген файл атауымен жазып [korkyt.otdelnauki@mail.ru](mailto:korkyt.otdelnauki@mail.ru) электронды поштасы арқылы жібереді, сондай-ақ, Әйтеке би көшесі 29А, бас әкімшілік ғимарат, 3 қабат, 319 кабинетте орналасқан Ғылым департаментінің Коммерцияландыру бөліміне қағаз нысанда ұсынады.

5.3. Конкурса қатысушы конкурса өтінім жібере отырып, конкурса ұсынылған жобада коммерциялық, мемлекеттік және (немесе) өзге де құпияны құрайтын мәліметтер жоқ екенін растайды және жоба бойынша конкурсты ұйымдастырушыға (оның ішінде жобаны бұқаралық ақпарат құралдарында, баспа басылымдарында, интернет желісінде орналастыру арқылы) ақпарат беруге немесе бөлісуге өзінің келісімін береді.

5.4. Өтінімдер веб-сайтта және университеттің әлеуметтік желілердегі парақшасында конкурс жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қабылданады.

5.5. Өтінімдер: осы Ереженің 5.1-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасы уактылы және (немесе) толық ұсынылмаған немесе осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес келмеген жағдайда конкурса қатысуға жіберілмейді.

## **6. ГРАНТТЫ ИГЕРУДЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР МЕН ЕСЕПТІЛІК НЫСАНЫ**

6.1. Ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асыруға және грантты игеруге 12 күнтізбелік ай беріледі: 03 қаңтар 31 желтоқсан аралығы.

6.2. Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысының және грантты игеру нәтижесі болып:

- Scopus (citescore бойынша процентиль 25-тен кем емес), Web of Science (Q1-Q4 Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index) базаларына кіретін Халықаралық ғылыми басылымдарда кемінде 1 мақала (article, review) жариялау;

- ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған тізбеге кіретін басылымдарда кем дегенде 2 мақала жариялау;

- университеттің ресми сайтында (кемінде 1 рет), әлеуметтік желде (кемінде 2 рет), сондай-ақ ұлттық және/немесе өңірлік БАҚ-та (кемінде 1

рет) жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері туралы хабарлама/мақала жариялау;

- немесе зияткерлік меншікке қорғау құжатымен расталған өндірістің инновациялық технологиясы немесе дайын өнімді (авторлық куәлік / патент) алу;

- немесе ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасын өндіріске енгізу, университетке халықаралық жобаны (жобаның басшысы/бірлескен басшысы ретінде) не ғылыми және талдамалық қызмет саласында қызметтер көрсетуге арналған шартты тарту, зияткерлік меншік объектісіне айрықша құқықтарды беру лицензиялық шартын және (немесе) шартын немесе FFTҚН-ны кемінде 2 млн. теңге сомаға жасасу немесе халықаралық патент алу;

- немесе ғылыми монографияны, кітаптың тарауын (бөлімін) Springer Nature, Elsevier, Wolters Kluwer, Taylor&Francis, Wiley Blackwell, SAGE, BRILL, IEEE, Emerald, KARGER, OXFORD University Press, BENTHAM SCIENCE ENTERSCIENCE publishers, Cambridge University Press, CRC Press, Degruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage Publications баспасы, немесе ЖЖОКБҰ Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education немесе US News Best Global Universities Rankings бас рейтингінің топ-100 баспаларында жариялау.

Осы нәтижелерден басқа грант алушы конкурсқа қатысуға өтінімде көрсетілген зерттеу нәтижелерін («жобадан күтілетін нәтижелері») ұсынуы тиіс.

6.3. Жарияланымдапрда міндетті түрде университеттің ресми аффилиация атауын көрсетуі керек:

- қазақ тілінде: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті;
- орыс тілінде: Кызылординский университет имени Коркыт Ата;;
- ағылшын тілінде: «Korkyt Ata Kyzylorda University».

Жобаны жүзеге асыру барысында және (немесе) оны аяқтағаннан кейін алынған ғылыми жұмысты, зерттеу нәтижелерін (мақалалар, шолулар, қорғау құжаттары, оның ішінде патенттер, монографиялар, конференциялар, форумдар мен симпозиумдар материалдары, оқу құралдары және т. б.) жариялау кезінде авторлар міндетті түрде бағдарламаға және қаржыландыру көзіне (« Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне» КЕАҚ сілтеме жасауға тиіс.). Ағылшын тілді жарияланымдардағы қаржыландыру туралы мәтін мынадай болуы тиіс: «This research has been/was/is funded by the NAO "Korkyt Ata Kyzylorda University..

6.4. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері туралы грант алушы Ғылыми-техникалық кеңесте жылына 2 рет (жарты жылда 1 рет) есеп береді, ал 12 ай өткен соң университеттің Ғылыми кеңесінде жобаның нәтижесін таныстырады. Ғылыми-техникалық немесе Ғылыми Кеңесінің шешімі бойынша жоба нәтижесі қанағаттанарлық/қанағаттанарлықсыз болып бағаланады.

## **7. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР МЕН ЖЕҢІМПАЗДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

7.1. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру жауапкершілігін грант иегерлері өздері көтереді.

7.2. Қатысушылардың құқықтары:

- ұйымдастырушыдан конкурс өткізудің шарттары мен тәртібі туралы толық ақпарат алуға;

- конкурс аяқталғанға дейін кемінде екі күн бұрын өтінімді кері қайтарып алуға немесе оған өзгерістер енгізуге.

7.3. Жеңімпаздардың міндеті:

- Ғылыми-техникалық Кеңес пен Ғылыми Кеңеске атқарылған жұмыстар туралы мерзімінде есеп беру;

- бөлінген грант қаражатын нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға.

7.4. Ереженің 6.2 - тармағын орындамаған жағдайда, еңсерілмейтін мән-жайлар болмаған жағдайда, Грант алушы грантты университетке қайтарады.

## **ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

8.1. Конкурсқа қатысушылар және кандидаттар оларға қатысты бөлігінде конкурстық құжаттармен және комиссияның шешімімен таныса алады.

8.2. Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар Комиссияның шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте шағымдануға құқылы.

8.3. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар аталған құжатты қабылдау қалай жүргізілсе, сол тәртіпте енгізіледі.

8.4. Осы Ережені әзірлеуші Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Ғылым департаментінің Коммерцияландыру бөлімі болып табылады.

8.5. Қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасының Ішкі нормативтік құқықтық актілердің нормаларына қайшылыққа жол бермеу мақсатында осы Ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар жобасын міндетті түрде Басқарма мүшелерімен, Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімімен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметімен алдын ала келісе отырып жүргізіледі.

8.6. Осы Ереже Қоғам Басқармасының шешімімен бекітіледі және Басқарма Төрағасы – Қоғам ректорының бұйрығымен қолданысқа енгізіледі.

8.7. Осы Ережені қолданысқа енгізу арқылы Басқарма Төрағасы-ректордың 15.01.2021 жылғы шешімімен бекітілген "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы – ректорының грантына жас ғалымдардың ғылыми зерттеулер конкурсын өткізу туралы" Ереженің заңды күші жойылады.

**ЕНГІЗІЛГЕН (ӨЗІРЛЕГЕН):**

Коммерцияландыру  
бөлімінің басшысы

  
КОЛЫ

Н.Б.Едилбаев

11.11.2022 ж.  
күні

**КЕЛІСІЛДІ:**

Басқарма мүшесі – Академиялық  
мәселелер бойынша проректор

  
КОЛЫ

Д.М. Абдрашева

11.11.2022 ж.  
күні


Басқарма мүшесі - Ғылыми  
жұмыстар және халықаралық  
байланыстар жөніндегі проректор

  
КОЛЫ

М.Ə.Бөрібаева

11.11.2022 ж.  
күні

Басқарма мүшесі - Стратегиялық  
даму және қаржы жөніндегі  
проректор

  
КОЛЫ

Н.Ж.Уразбаев

11.11.2022 ж.  
күні

Бас есепші

  
КОЛЫ

Н.К. Рабатова

11.11.2022 ж.  
күні

Құқықтық қамтамасыз ету  
және мемлекеттік сатып алу  
басқармасының басшысы

  
КОЛЫ

С. М. Ильясова

11.11.2022 ж.  
күні

Ғылым департаментінің  
директоры

  
КОЛЫ

Н.А.Сақтағанова

11.11.2022 ж.  
күні

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің  
Басқарма төрағасы-ректорының гранты аясында  
жас ғалымдардың ғылыми зерттеулер конкурсын  
өткізу туралы Ереженің  
1 қосымшасы*

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма  
төрағасы – ректорының гранты аясында ғылыми  
жобалар байқауына қатысу  
ӨТІНІМІ**

<b>Жобаның атауы:</b>	
Мақсаты:	
Міндеті:	
Қысқаша сипаттамасы:	
Күтілетін нәтижелері:	
Жобаны жүзеге асыру үшін қажет қаржыландыру (теңге)	
Орындаушының толық аты-жөні (жеке куәлігі бойынша) және ПОҚ үшін қызметі (кафедра, институт аты):	
Институт, кафедра, білім беру бағдарламасы, топ, курсы (докторанттар үшін)	
Байланыс тел., Орындаушының e-mail	
Ғылыми кеңесшінің аты-жөні, лауазымы (докторанттар үшін)	
Байланыс тел., Жетекшінің e-mail: (докторанттар үшін)	
Жоба орындаушысының қолы	
<b>Өтінім берілген күні</b>	



*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің  
Басқарма төрағасы-ректорының гранты аясында  
жас ғалымдардың ғылыми зерттеулер конкурсын  
өткізу туралы Ереженің  
2 қосымшасы*

### **Бағалау өлшем шарттары**

<b>№ р/н</b>	<b>Өлшемшарттары</b>	<b>Максималды балл</b>
1.	Жобаның өзектілігі	10
2.	Ғылыми жаңашылдығы	10
3.	Зерттеу нәтижесін қолдану аясы	10
4.	Әлеуметтік-экономикалық тиімділігі (барлық салалар үшін); Мәдени мұра және рухани құндылықтарды сақтауға үлесі (әлеуметтік-гуманитарлық салалар үшін)	10
5.	Жобаның игерілу дәрежесі (жариялану, ендіру актісі, қорғау құжаттары)	10
6.	Жобаның тәжірибелік маңызы	10
7.	Жобадан күтілетін нәтиже	10
<b>Барлығы</b>		<b>70</b>